

## Жаңаталап ауыл округінің көшелерінің атаулары туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жаңаталап ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 4 шешімі. Ақтөбе облысы Қобда аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 28 шілдеде № 3-7-109 тіркелді.

Ескерту. Деректемелерінде орыс тілінде "селолық" сөзі "ауылдық" сөзімен ауыстырылды, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жаңаталап ауылдық округі әкімінің 15.03.2017 № 11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Жаңаталап ауылдық округі тұрғындары конференциясының 2011 жылғы 31 мамырдағы № 4 хаттамасы негізінде, Қобда ауданы Жаңаталап ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жаңаталап ауылдық округі әкімінің 15.03.2017 № 11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жаңаталап ауылының келесі көшелеріне атаулар берілсін:

- 1) Қайрат Рысқұлбеков көшесі;
- 2) Иван Пятковский көшесі;
- 3) Александр Липовой көшесі.

2. Алынып тасталды - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жаңаталап ауылдық округі әкімінің 13.01.2015 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жаңаталап ауыл округінің әкімі*

*А. Муратов*